

## "Транстелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 20 қыркүйектегі № 647 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 қыркүйекте № 8671 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Транстелеком" акционерлік қоғамына "Қостанай - Золотая Сопка" магистральды талшықты - оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында Қостанай ауданының аумағында орналасқан жалпы алаңы 11,87 гектар жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай ауданының әкімі*

*В. Радченко*